

Өткізетін қосымша білім беру педагогтар:

Мухтарова Р.З.

Шарипова А.Ж.

Таскараева А. Р.

### **Сабақтың тақырыбы: «Достық көпірі»**

#### **Мақсаты:**

**Білімділік:** Көпір туралы балаларға түсінік беру. Оның қажеттілігі, құрылымы туралы ұғымдарын кеңейту. «Достық», «сыйластық» адамгершілік құндылықтырын кеңейту. Геометриялық фигураларды ажырату, жаттықтыру.

**Дамытушылық:** Достыққа бейімділік сапаларын дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, ойын арқылы танымдық қабілеттерін, логикалық ой-өрісін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:** ептілікке, жылдамдыққа, ұғымталдыққа, ұйымшылдыққа, өзара татулыққа тәрбиелеу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

**Білім:** тәулік бөліктерін, апта күндерін, жыл мезгілдерінің ретін, логикалық тапсырмаларды шеше білу, тапсырмаларды өздігінен орындай білу.

**Икемділік:** көпір түрлерін атауды, жасалу жолдарын құрастыруды, логикалық тапсырмаларды шеше білу.

**Дағды:** берілген тапсырманы орындап, жеткізу, өз-өзін бақылау, бағалау.

**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** тәжірибелік, ізденушілік, көрнекілік, сұрақ-жауап.

**Құрал-жабдықтар, көрнекі құралдар:** интерактивті тақта, компьютер, лево, геометриялық фигуралар, суреттер, флипчат.

**Пәнаралық байланыс:** Логика, қол өнері, ағылшын тілі

#### **Сабақ барысы:**

#### **Ұйымдастырылушылық-мотивациялық кезең:**

##### **Педагогтың кіріспе сөзі:**

- Балалар, бүгінгі күнге қараңдаршы, аспан ашық, күн жылы, көңіл күйіміз көтеріңкі, тамаша!

#### **Психологиялық дайындық.**

Біз қандаймыз, қандаймыз,  
Шұғылалы таңдаймыз!  
Күлімдеген күндейміз,  
Ренжуді біз білмейміз.  
Қуанамын мен де,  
Қуанасың сен де,  
Қуанайық достарым,  
Бүгінгі ерекше күнге!

-Балалар, шынымен де бүгін өте ерекше күн екен. Бізге әр қаладан қонақтар келді.

**Жылулық шеңберін жасап , амандасу.**

Үлкенге де сіз!  
Кішіге де сіз!  
Баршаңызды құрметтеп  
Бас иеміз біз!

(Сырғып соққан боранның дыбысы естіледі) Музыка ойналады.

Мэри Поппинс қонаққа келеді.

**Жүргізуші педагог:** - Балалар, бізге кім келді?(таңқалып)

- Мэри Поппинс.
- Иә, біз есігі ашық қонақжай елміз. Бізге ағылшын еліненен Мэри Поппинс келді.

Ағылшын тілінде сәлемдесу:(Ойын ойнау, ән айту)


Hello, hello!  
Hello, how are you?  
Hello, hello,  
I'm fine thank you?

**Ұйымдастырушы-ізденушілік:**

- Балалар менің сендерге дайындаған тапсырмам бар.
- Кәне көрейік. (интерактивті тақтадан тапсырмалар беріледі).

**1-тапсырма.**


- Реті бойынша жыл мезгілдерін нөмірле:



- Тәулік бөліктерін ретімен белгіле (дөңгелектердің ішіне санмен көрсетіп жаз).






- Апта күндерін ретімен белгіле.



## 2-тапсырма.

- Ойлан тап



### Оперативті-танымдық кезеңі

**3-ші тапсырма:** Компьютермен жұмыс : «Дашамен көпір құрастыру» ойыны. (балалардың жұмыстары интерактивті тақтадан көрсетіледі).

- Көпірдің қандай түрлерін білесіңдер? (суреттер көпір түрлері)
- Темір жол көпірі, теңіз көпірі, жаяу адам жүретін көпір, көліктер көпірі.
- Көпірлер не үшін қажет? Бір жағадан екінші жағаға, бір елден екінші елге өтеді.

(А.Р. шығады )

**А.Р:** қандай тамаша! Балалар сендер компьютермен көпірді жинадыңдар, енді легодан көпірді өз қолымызбен жасайық.

**Жүргізуші педагог:**

- Балалар, Айнұр Рашидқызы сендерді өзінің шеберханасына шақырады. (Балалар легомен жұмыс жасайды.)

### Рефлексия

- **Айнур Рашидқызы:** қандай керемет көпір. Әр нәрсенің өзінің атауы бар. Біз де көпірді атайықшы?!

-**Достық көпірі.**

-Неге ?

- Өйткені «Достық көпірі» екі ел арасындағы ынтымақтың көпірі;

-Татулықтың көпірі;

-Бірліктің көпірі;

**Жүргізуші педагог:** Дұрыс айтасындар балалар!Бүгінгі біздің құрастырған көпіріміз ынтымақтың, татулықтың, бірліктің, достықтың - көпірі. Олай болса қарсы алыңыздар,ортаға «Арман» вокал тобының тәрбиеленушісін ..... шақырамыз.

**Ән : «Достық»**